

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізу күндері: 2025 жылғы 14-20 мамыр

Респонденттердің саны: 14

(AERC, BCC Invest, Halyk Finance, ING, Jusan Analytics, Jusan Invest, NAC, AKPA, Еуразиялық Даму Банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Еуразиялық экономикалық комиссия, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс, Эксперт РА)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттер болжамдарының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2024 (факт)	2025	2026	2027
Вrent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орташа есеппен	80,7	69,3 (75,0)	66,0 (72,0)	66,2 (72,5)
ЖІӨ %, ж/ж	4,8	5,0 (4,7)	4,5 (4,5)	4,3 (4,3)
ТБИ %, желт. өткен жылдың желт.	8,6	10,7 (10,6)	9,4 (9,0)	6,8 (6,1)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылдың соңына	15,3	16,3 (15,9)	14,5 (14,3)	12,0 (11,5)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	91,9	91,1 (92,2)	90,6 (94,7)	92,6 (93,6)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	74,2	75,1 (75,3)	76,1 (76,0)	77,2 (77,5)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	469,0	513,9 (510,0)	540,0 (532,0)	550,0 (550,0)
Бейтарап базалық мөлшерлеме* жылдық %	9,0 (9,0)			
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі** %, ж/ж	4,2 (4,2)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Болжамдық кезеңнің барлық аралығында мұнай бағасына қатысты сценарийлік күтулер төмендетілді. 2025 жылға Brent маркалы мұнайдың медианалық бағасы 75,0 АҚШ долларынан **69,3** АҚШ долларына дейін қайта қаралды. 2026 және 2027 жылдары бағалар **66,0** және **66,2** АҚШ доллары деңгейінде тұрақталады деп болжануда.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасының 2025 жылға арналған өсу қарқыны бойынша болжамдар 4,7%-тен **5,0%**-ке дейін жақсартылды. 2026 және 2027 жылдарға арналған респонденттердің күтулері өзгеріссіз қалды – тиісінше **4,5%** және **4,3%**.

ТБИ. Жыл басынан бері инфляциялық күтулердің тұрақты өсуі байқалуда. 2025 жылға арналған тұтыну бағаларының индексі бойынша болжамдар 10,6%-тен **10,7%**-ке, 2026 жылға – 9,0%-тен **9,4%**-ке, 2027 жылға – 6,1%-тен **6,8%**-ке дейін көтерілді.

* Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

** 5 жыл ауқымында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

Респонденттердің бағаларындағы пессимизмнің артуы инфляциялық қысымның болжамдық кезеңде ұзақ уақыт сақталуы мүмкін екенін көрсетеді.

БАЗАЛЫҚ МӨРШЕРЛЕМЕ. Инфляциялық тәуекелдердің өсуін ескере отырып, сауалнамаға қатысушылар базалық мөлшерлеме бойынша өз күтулерін жоғары қарай қайта қарады. Алдыңғы сауалнамамен салыстырғанда, 2025 жылдың соңына арналған медианалық бағалау 15,9%-тен **16,3%**-ке дейін, 2026 жылға – 14,3%-тен **14,5%**-ке дейін, 2027 жылға – 11,5%-тен **12,0%**-ке дейін көтерілді.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Экспорт көлемі бойынша аналитиктердің болжамдары сыртқы факторлар мен мұнай нарығындағы бағаға қатысты жаңартылған алғышарттардың әсерінен қайта қаралды. 2025 жылға арналған күтулер 92,2 млрд АҚШ долларынан **91,1** млрд долларға дейін төмендеді, 2027 жылы – 93,6 млрд-тан **92,6** млрд АҚШ долларына дейін. 2026 жылы төмендеу анағұрлым айқын байқалады – 94,7 млрд-тан **90,6** млрд АҚШ долларына дейін.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. 2025 және 2027 жылдарға арналған импорт көлемі бойынша болжамдар төмендеу жағына қайта қаралды. 2025 жылға арналған бағалау 75,3 млрд АҚШ долларынан **75,1** млрд долларға дейін, ал 2027 жылға – 77,5 млрд-тан **77,2** млрд АҚШ долларына дейін төмендетілді. 2026 жылға арналған болжам сәл жақсарды – 76,0 млрд-тан **76,1** млрд АҚШ долларына дейін.

USD/KZT БАҒАМЫ. Сыртқы экономикалық белгісіздік пен валюта нарығындағы құбылмалылықтың сақталуы аясында 2025–2026 жылдарға арналған айырбастау бағамы бойынша болжамдар жоғары қарай қайта қаралды. 2025 жылға арналған медианалық болжам 510 теңгеден **514** теңгеге дейін, 2026 жылға – 532 теңгеден **540** теңгеге дейін көтерілді. 2027 жылға арналған бағам бойынша күтулер **550,0** теңге деңгейінде сақталды.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта, сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақталуын қолдайтын базалық мөлшерлеме **9,0%** деңгейінде бағалануда (бұрын – **8,5%**).

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСУІ. Респонденттер 5 жылдың шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын **4,2%** деңгейінде бағалауда.

Болжамдар ауқымының кеңдігі мен кейбір макрокөрсеткіштердің әркелкі серпіні аналитиктердің бағаларында белгісіздік сақталып отырғанын көрсетеді. Мұнай нарығына қатысты күтулердегі пессимизм артып келеді, бұл экспорт пен валюта бағамына қатысты бағамдарда да байқалады. ЖІӨ өсімі әлеуетті деңгейге жақындап, ал инфляцияның жеделдеуі мақсатты көрсеткішке қол жеткізуге кедергі келтіруде.